

8D01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында орындалған Каримова Гулим Сайлаубековнаның диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің, п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Компьютерлік инженерия» кафедрасының профессоры Беркимбаев Камалбек Мейрбековичтің жазбаша пікірі

№ п/п	Критерийлер	Критерийлерге сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымды дамыту бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамытуының басым бағытына сәйкес (бағытты көрсету)	1. Каримова Гулим Сайлаубековнаның 8D01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды, ақпараттық қауіпсіздікті дамыту және білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 14 шілдедегі № 141-VII Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысымен қабылданған Қазақстан Республикасының тіл саясатын іске асыру жөніндегі 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады, өйткені Қазақстанның Болон үдерісіне кіруі, әлемнің түрлі елдерінің жаһандану және экономикалық ықпалдасу үдерісі, сондай-ақ Қазақстанның ашық білім беру кеңістігіне кірігу саясаты шетелдік те, қазақстандық та педагогикалық ғылымда өзекті болып табылатын білім беруге құзыреттілік тұғырына негізделіп, жаңа білім

			беру моделіне ауқымды көшуге алып келді. Ал осы бағытта білім алушыларды шетел тіліне цифрлық технологиялардың көмегімен оқыту – бұл заман талабы. Жұмыстың маңыздылығы жоғары дәрежеде ашылған, яғни «коммуникативтік құзыреттілік», «шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік» түсініктерінің мәнін нақтылау мақсатында педагогикалық, психологиялық, философиялық әдебиеттерге терең талдау жасалып, «бастауыш сынып оқушысының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктері» ұғымына авторлық анықтама берілген. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының білім беруді цифрландыру жағдайында шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары 2) орташа; 3) төмен 4) өзі жазбаған	1) жоғары, себебі ғылыми жұмысты зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері айқындалған. Қазіргі таңда білім беру моделі өзгеріп, әлемде дәстүрлі білім беру жүйесінің цифрлық технологиялармен толықтырылып және онлайн оқытуға көшу пайызының артуы орын алуда. Сондықтан да цифрлық экономика мен цифрлық білім беруді құру – Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының маңызды басымдықтарының бірі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1) негізделген, өйткені зерттеу барысында, бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелеріне қатысты орындалған зерттеулердің жан-жақтылығы мен маңыздылығына қарамастан, олар білім беруді цифрландыру жағдайында оқушылардың шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесін толыққанды шешілмегендігі айқындалып, негізделген. Цифрландыру үдерісі білім беру кеңістігін цифрлық технологияның түрлілігімен, көптеген бағдарламалық жаңалықтармен қанықтыруда. Ал қазіргі таңда білім беруді цифрландыру үдерісінің педагогикалық әлеуеті мен мүмкіндіктері оқушыларға шетел тілін оқытуда толыққанды қолданылмайтындығы және бір жағынан, аталмыш тақырып бойынша жинақталған тәжірибені жүйелеу қажеттілігі екінші жағынан, бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін оқытудың әдістемесін білім беруді цифрландырудың педагогикалық әлеуетін толыққанды қолдану

			негізінде жанарту қажеттілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	1) айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	1) сәйкес келеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	1) Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы өзара толық байланысқа ие, себебі диссертацияның барлық бөлімдері бір - бірімен байланысты және оны жазу барысында ішкі бірлігі сақталған. Жұмыс тақырыптың көкейкестілігін, оның зерттелу деңгейі мен жағдайын, зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтаудан басталып, содан кейін зерттеу нәтижелері мен қорытындылары беріліп, зерттеу болжамы мен қойылған міндеттердің шешімдерімен аяқталады.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	1) сыни талдау бар, өйткені зерттеу барысында алынған нәтижелер білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелерін шешуге бағытталған. Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелердің теориялық және практикалық маңызы бар, өйткені зерттеудің әдіснамалық тұрғыдан негізделуі, бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеуге және де Қазақстандық бастауыш мектепте білім беруді цифрландыру жағдайында оқушылардың шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері бойынша кең көлемде педагогикалық қоғамдастыққа бірқатар ғылыми негізделген әдістемелік әзірлемелерді ұсынуға мүмкіндік береді.
5.	Ғылыми	5.1 Ғылыми нәтижелер мен	1) толығымен жаңа, яғни

<p>жаңашылдық принципі</p>	<p>қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Бірінші нәтиженің жаңалығы, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың мәндік сипаттамасы негізделген және «бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің» авторлық анықтамасы берілген.</p> <p>Екінші нәтиженің жаңалығы білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалған.</p> <p>Үшінші нәтиженің жаңалығы білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың моделі жасалған.</p> <p>Төртінші нәтиженің жаңалығы, білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесі әзірленіп, тәжірибелік эксперимент барысында оны жүзеге асыру технологиясының тиімділігі тексерілді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) толығымен жаңа, себебі</p> <p>Бірінші нәтиже бойынша, автор зерттеу барысында «құзыреттілік», «коммуникативтік құзыреттілік» пен «шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілік» анықтамаларын нақтылап, авторлар жасаған тұжырымдамалардың мазмұнын ескере отырып, бастауыш сынып оқушысының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттілігі ұғымына авторлық анықтамасын ұсынған.</p> <p>Екінші нәтиже бойынша, диссертант оқушы тұлғасын дамытуға бағытталған тек дидактикалық міндеттерді емес, сонымен қатар шетел тілін меңгеру үшін тұлғаға қажетті жеке қабілеттерін ескере отырып, білім алушыларға қатысты іс-әрекеттік және прогностикалық міндеттерді ескеретін, шетел тілін тиімді оқытудың формалары мен әдістері жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған арнайы педагогикалық шарттарды анықтаған.</p> <p>Үшінші нәтиже бойынша, автор бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштерін анықтау мен тиімді жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын айқындау негізінде, оны дамытуды тиімді жүзеге асыру үшін модель жасау қажеттілігін анықтаған. Осыған орай, зерттеудің</p>

			<p>міндеті ретінде айқындалған құрылымдық- мазмұндық моделді құрастырып, негіздеген.</p> <p>Төртінші нәтиже бойынша, диссертант білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесін әзірлеп, тәжірибелік эксперимент барысында оны жүзеге асыру технологиясының тиімділігін дәлелдеген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)</p>	<p>1) толығымен жаңа себебі, зерттеу барысында автор қалыптастырушы экспериментті ұйымдастырып, жүзеге асырғаннан кейін эксперимент тобы сыналушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерінің барлық компоненттері мен шетел тілін оқуға деген эмоционалды-құндылықты қарым-қатынасының көрсеткіштері айтарлықтай жоғарылағандығын байқаған. Бұл факт, өз кезегінде, бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған мақсатты жұмыстың нәтижесі жоғары көрсеткішке жеткендігі, яғни өткізілген салыстырмалы анализ нәтижелерімен дәлелденген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми дәлелдерге негізделген.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әрбір қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденген; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p>	<p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиальды ма?</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p>

		<p>1) иә; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>1) иә. 7.4 Қолдану деңгейі: 2) кең. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>1) иә, өйткені цифрлық дәуірде педагогиканы қайтадан зерделеу, трансформациялық білім беруді зерделейтін тарихи-трансформациялық тұғырына негізделуімен, зерттеу мазмұнының ғылыми аппаратпен сәйкестілігімен; зерттеу пәні мен міндеттеріне сай қолданған әдістер кешенімен; эмпирикалық материалдың статистикалық өңдеуі, әдістемелік әзірлемелердің («ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту бағдарламасы», «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы», «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері») бастауыш мектептің педагогикалық үдерісіне және Максим Танк атындағы БМПУ-дің біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының (Белоруссия, Минск қаласы) «Шетел тілі» мамандығы бойынша қайта даярлау бағдарламасына енгізумен қамтамасыз етіледі. цифрлық дәуірде педагогиканы қайтадан зерделеу, трансформациялық білім беруді зерделейтін тарихи-трансформациялық тұғыр</p> <p>1) иә, өйткені диссертациялық жұмыста таңдалған зерттеу әдістерімен қатар қалыптастырушы тәжірибе барысында эксперимент тобындағы оқушыларға шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша Macromedia Flash бағдарламасы негізінде даярланған «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» ойын технологиясы арқылы жүзеге асырылды, соның нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының шетел тілін оқуға деген эмоционалды-құндылықты қарым-қатынасы артты.</p>

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді): 1) иә ; 2) жоқ	1) иә, себебі автор анықтаған педагогикалық шарттар теориялық тұрғыдан негізделіп, бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің компоненті ретінде қарастырылып, модельдің басқа компоненттерімен өзара байланыста жүзеге асырылып, олардың тиімділігі тәжірибелік эксперимент барысында дәлелденді. Оның көрінісі ретінде автор тарапынан жыл бойына жүргізілген педагогикалық жұмыстардың нәтижесінде эксперименттік топтағы оқушылар арасында оң өзгерістер байқалған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге, заңнамалық және нормативтік құжаттарға, интернет желісіндегі дереккөздерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Соның ішінде автор өзінің 10 жарық көрген еңбектеріне сілтеме жасаған.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә ; 2) жоқ	1) иә, өйткені ғылыми жұмысты зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі әдіснамалық тұғырларға негізделіп отырып, оның ғылыми-теориялық негіздері айқындалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану ықтималдығы жоғары: 1) иә ; 2) жоқ	1) иә, себебі білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары бойынша даярланған авторлық оқу-әдістемелік кешені МЕОО «Erfolg» мектебінің оқу- тәрбие үдерісіне және Максим Танк атындағы БМПУ-дің біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының (Белоруссия, Минск қаласы) «Шетел тілі» мамандығы бойынша қайта даярлау бағдарламасына енгізілгені туралы 3 акт құрастырылды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	1) толығымен жаңа, себебі автор бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін есепке ала отырып олардың шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін тиімді қалыптастыруға бағытталған практикалық-әдістемелік ұсыныстарды жасаған: - «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін оқыту

		3) жаңа емес (25%-кем жаңа болып табылады)	бағдарламасы» атты ағылшын тілінен 36 сағаттық жоспардан тұратын әдістемелік нұсқаулықты кеңінен қолдану; - «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілінен жұмыс дәптері» атты электронды оқу-әдістемелік құралын тиімді пайдалану; - «ЖББМ бастауыш сынып оқушыларына арналған ағылшын тілі бойынша интерактивті тапсырмалар жиынтығы» атты «Macromedia Flash» бағдаламасының негізінде жасалған авторлық оқу құралын бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қолдану.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	1) жоғары, себебі Каримова Гулим Сайлаубековнаның «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының жазу және безендіру сапасы жоғары, ғылыми жаңалығы дәйекті, практикалық құндылығы жоғары және жан-жақты зерттелген, аяқталған және дербес жұмыс болып саналады.

Шешімі: 8D01301 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Білім беруді цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының шетел тілдік коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары» тақырыбында орындалған диссертация авторы Каримова Гулим Сайлаубековнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

п.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
«Компьютерлік инженерия» кафедрасының профессоры



Беркимбаев К.М.